

Қарқаралы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне ер азаматтарды тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімінің 2014 жылғы 7 ақпандағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 ақпанда № 2546 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімінің 20.11.2014 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тіркелу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарды Қарқаралы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу 2014 жылдың 1 сәуіріне дейін ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қарқаралы ауданы әкімінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 2 "2013 жылы азаматтарды Қарқаралы аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесінде есепке тіркеуді өткізу туралы" шешімі (2013 жылдың 5 қаңтарында № 1-2 (11123) "Қарқаралы" газетінде жарияланған) жойылсын.

Ескерту. Қарқаралы ауданы әкімінің 26.12.2012 № 2 шешімі РҚАО-ға түскен ж о қ .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Ә л и ұ л ы н а жү к т е л с і н .

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

А у д а н ә к і м і н і ң
міндетін атқарушы С.Р. Акимов

